

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2015, №1 (2)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төлєнова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, «Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном
формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan), Y. Petrov
(Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA) , A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:

No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС

Жеңіс Ж.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Алматы қ., Қазақстан)
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті аға оқытушысы, тарих ғылымдарының
кандидаты,

Андатпа. Бұл мақалада түркі мемлекеттері мен Византия арасындағы саяси және идеологиялық қарым-қатынас қарастырылады. Автор екі мемлекет арасындағы саяси күрестің идеологиялық аспектілері болғанын көрсетеді. Византия христиан дінін түркілер арасына тарату арқылы саяси, экономикалық мүддені ойластырды және бұл түркі билеушілері мен халықтың наразылығын тудырды.

Кілт сөздер: Византия империясы, түркілер, идеологиялық күрес, христиандық, тәңіршілдік.

ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА

Жеңіс Ж.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)
кандидат исторических наук, старший преподаватель Казахского национального
университета им. аль-Фараби

Аннотация. В данной статье рассматриваются политические и идеологические взаимоотношения между тюркскими государствами и Византией. Автор показывает, что политическая борьба между двумя государствами имела идеологические аспекты. Византия, распространяя христианство среди тюрков, преследовала политические и экономические интересы, и это вызывало недовольство тюркских правителей и народа.

Ключевые слова: Византийская империя, тюрки, идеологическая борьба, христианство, тенгрианство.

THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE

Zhenis Zh.

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer at Al-Farabi Kazakh National University

Abstract. This article examines the political and ideological relations between the Turkic states and Byzantium. The author demonstrates that the political struggle between the two states had ideological aspects. By spreading Christianity among the Turks, Byzantium pursued political and economic interests, which provoked discontent among the Turkic rulers and the population.

Keywords: Byzantine Empire, Turks, ideological struggle, Christianity, Tengrism.

Кіріспе.

Үш құрлықтың түйіскен жеріндегі бай, қолөнері мен егіншілігі дамыған, Дунай мен Евфратқа дейінгі алқапты алып жатқан Византия империясы өзінің алдындағы Рим империясынан тек осы кең-байтақ территорияны ғана емес, сондай-ақ әртүрлі көршілер мен соларға қатысты саясатты да мұрагерлікке қабылдады. Шығыстағы империяның ең басты

қарсыласы ІҮ ғ. күшті мемлекетке айналған Иран шахиншахтары Византиямен шығыс провинциялар мен Кіші Азияның бір бөлігі, әсіресе, христиан діні орныққан Армения мен Лазика үшін кескілескен шайқастар жүргізді. Бұл соғыстарға себеп тек жер таласы ғана емес, Иран арқылы өтетін маңызды сауда жолдары да болды.

Империялық дәстүр жалғастығына ие империя мемлекеттің қабырғасын бекітіп, күшейте түсу үшін мемлекеттік идеологияның барлық тетіктерін пайдаланды. Жалпы, Византияның христиандық негізіндегі мемлекеттік идеологиясында христиан емес мемлекеттер мен халықтарға үстем тұрғыда қарау тән болды. Ал, түркі көшпенділерін тіпті, жабайлар қатарына жатқызып, олармен тек түркілер толық әскери-саяси артықшылыққа ие болғанда ғана амалсыздан санады. Византия әдебиетінің көне кезеңінде саяси өнерге қатысты «Стратегикон» немесе «Тактик» деп аталатын әскери өнер жайлы еңбектер жарияланды. Солардың ең белдісі Жалған Маврикийдің «Стратегиконы». Бұл еңбекте аварлар мен түркілердің әскери өнері, мінез-құлқы, шаруашылығы жан-жақты суреттелген. Ол өз еңбегінде түркілерді скифтерге жатқызады. Аварларды да түркілермен дәстүрі бір халыққа жатқызады [1, 302-303]. Антикалық негіздегі Византияның империяны жан-жақтан қысқан жабайы халықтарға қатысты жаңа заманға лайықты өз әскери доктринасы болды. Доктринаның негізгі идеясы бойынша мемлекет мүддесі бәрінен де биік. Сондықтан да жеңіске жету үшін қаталдық, алдап-арбау, айлакерлік, екіжүзділік сияқты қасиеттердің өзін тиімді пайдалана біліп, жабайларға мүлде сенім білдірмеу қажет [1, 317]. Империя астанасы Константинопольде Византия мемлекеттілігінің христиандық мәдениеті жасалды. 425 жылы бұл қалада идеологиялық үстемдіктің негізі Константинополь университеті құрылды.

V ғ. соңына қарай император билігі мен мемлекеттік-христиандық концепциясы қалыптасып, Византия билігінің саяси доктринасы негізі қаланды. Аталмыш концепция бойынша император билігінің құдайдың қалап берген діни және зайырлы барлық ереженің иесі сол императордың өзі болды. Яғни, христиандық билік концепциясы бойынша император құдайдың жердегі өкілі болып, зайырлы істерге де араласты. V ғ. Сондықтан ол тек мемлекет басшысы ғана емес, жер билеушісі, жерді құтқарушы «Жаңа Мұса» кейпінде болып, христиан істеріне араласу құқығына ие болды [2, 46]. Осылайша, Римнің қасиетті империясы тек ромейлердің ғана емес, христиандардың мемлекетіне айналды.

Уақыт өте келе билеушінің осы билігіне қатысты империяда діни негізде партиялардың негізінде екі ағым – ортодоксальды православтар және монофизиттер құрылды.

Император билігі концепциясы сынға ұшырауы себепті, елде халықтың да құдай қалағандығы туралы пікір орнықты. Елде әсіре фанатизм етек алды. Монахтық қозғалыстар етек алып, аскетизм қанат жайды. Осымен бір мезгілде дінді үстірт қабылдаған ойшылдар арасында бұрынғы антикалық негізде философиялық ойларда дамыды [2, 47].

Жалпы, Византия тарихындағы осы империяның сыртқы саясаты үшін ең табысты кезеңдер елдегі идеялық бірліктің, діни тұрақтылықтың орнауымен байланысты болып келеді. Осымен бір мезгілде, олардың саяси қарсылас мемлекеттері мен этникалық бірлестіктерінің ішіндегі идеялық алауыздық пен тоқырау қатар жүріп, осы топтардың саяси сахынадан тезірек кетуіне себепкер болады. Бұл үрдіс империяның солтүстіктегі көршілеріне ғана емес, шығыстағы дала көшпенділеріне де қатысты.

Юстиннен (518-527) кейін билік құрған аса діндар болған Юстианның (527-565) отыз сегіз жылдық билігі кезінде империяның гүлденуімен қатар діни бірлікті зорлықпен орнату бастады. Ол дінді бетке ұстап, батыстағы жабайы көршілермен соғысып, 533 жылы вандалдар, остготтар королдіктерін талқандады.

Юстиан өз билігі кезінде шіркеу мүлкін көбейтуге күш салды. Аса діндар ол шіркеуді мемлекет мүддесімен ұштастырды. Осының арқасында мемлекет пен шіркеу жақындасты. Монастырлар көбейді.

Византияның саясаты VI ғ. елуінші жылдар аяғында Қара теңіз өңіріндегі саяси жағдай шиеленістірді. Империя Дон мен Днепр аралығындағы құтырғырлар мен Қобандағы олармен

туыс ұтырғырларды бір-бірімен қырқыстырып, құтырғырлардың Фракияға жасайтын шабуылын алдын алып, бұрынғы ғұн империясының бір бөлшегі болып табылаты екі туыс халықты жоюға тақады. Ал, Қобанның бойын Византияның одақтасы аландар мекендейтін.

Осы сәтте бұрынғы империяны қайта қалпына келтіруге кіріскен түркіттерден бөлінген аварлар тарих сахнасына шығып, одақтас іздей бастады. Олар аландардың көсемі Саросиден Византиямен жақындасу үшін араағайындық көмек сұрады. Бұл ұсынысты тиімді пайдалануға тырысқан Юстианнан аварларға Валентин бастаған елшілер келіп, оларды Иранға қарсы ұрысқа шақырады. Осылайша, өздерінің нақты саяси бағдарламасына ие империя мен өз тайпаластарынан бөлінген тайпа арасында 558 жылы біріншісі үшін тиімдірек одақ құрылады. Бірақ, бұл әскери-саяси одақ күтпеген жерден империя үшін басқаша сипат ала бастады. Одақтасқа айналған Аварлар империя шекарасына ұмтылды. Тіпті, империяға бара-бара өз үстемдігін жүргізе бастады. Валентин елшілігінен кейін аварлар Византия жақтастары сабырлар, ұтырғырлар, антарға қарсы шығады. Осылайша Иран өзінің қауіпті көршісінен құтылады.

565 жылы Юстин II аварларға салық төлеуді тоқтатады. Ал, аварлар күшейе түсіп, 565 жылы Тюрингияны, 567 жылы аварлар лангобардтармен одақтасып, Византия одақтасы гепидтердің түбіне жетеді. Лангобардтар Италияға кеткесін аварлар бүкіл Паннонияның қожайынына айналады.

Түркі қағанатынан мүлде іргесін аулақ салған аварлар осы кезде Византия дұшпаны ретінде Иранға жақындауға мәжбүр болды. Осы сәтте аварлардың жауы түркіттер Византиямен одақтасу керек еді. Бірақ бұған түркіттер мен Иранның ортақ жауы эфталиттер қиындатты. Сол себепті 560 жылы Истеми Хосроумен одақ құруға мәжбүр болып, 565 жылы эфталиттерді жеңіп, соғдыларды жерімен қосы өз қағанатына қосып алады. Осылайша, эфталиттер мен Солтүстік Қытай патшалықтарын күйреткен соң түркілердің саяси жағдайымен қоса экономикалық қуаты да артты. Өйткені, Батыс пен Шығысты қосып жатқан керуен жолын бақылады.

Юстианның әлемді билеуге ұмтылысы Еуропаның барша мемлекеттерімен дипломатиялық байланыс орнатуға итермеледі. Сол кезде алтынмен бірдей бағаланатын жібекке Византияның сұранысы зор болды. Бірақ жібек жолы Византияға Иран арқылы өтетін. Ал, Иран болса Византияны әлсірету үшін жібек нарқын жасанды түрде қымбаттатты.

553 жылы Византияның өздері өндіру себебінен жібекке сұранысы төмендеді. Империядағы идеялық қақтығыстар мен алауыздықтар өз дегенін істеді—Византия бұрынғы қуатынан әлсіреп, өздерінің күшейген қарсыластарына есе жіберетін болды.

Түркі қағанатының күшеюімен Византия-түркі қатынасының салқындады. Бұған жібек саудасындағы бәсекелестікпен қоса, аварлар мәселесі де өз әсерін тигізеді.

575 жылдан Византия-Иран келісімінен соң түркі-византия қатынасы күрт шиеленіседі. Түркілер 570–576 жылдары арасында Солтүстік Кавказды бағындырады. 576 жылы түркілер ұтырғырлардың көмегімен Босфорды алып, Қырымға кіреді. Олар Батыс Кавказ арқылы Византияға кірмекші болады. Бірақ олар Эгриси патшалығының қарсылығынан әрі өте алмай, Солтүстік Кавказ бен Дербентке дейінгі жазықты місе тұтады.

Осы тартыстан Иран да шет қалмай, 626 жылы Сирия, Палестина, Мысырды жаулап алды. Славян-авар күштері империя астанасы Константинопольді қоршады. Бірақ, 628 жылы Ираклии патша Иранның бұрынғы жерлерін қайтарып алды. Осы кезде әлсіреген Иран империямен алысуға шамасы келмеді. Ирандағы идеялық тығырықты пайдаланған жаңа, ислам дүниетанымымен қаруланған арабтар тарих сахнасына шықты. 634 жылы арабтар Сирияны, 638 жылы Антиохияны, Месопотамияны, Арменияны, ҮІІ соңына қарай Солтүстік Африканы алды. Арабтар жаулап алулары бұл жерлерде феодалдық қатынастарды жеделдетті. Ал, империя болса христиандық идеологияның дағдарысын бастан кешіп, құлдырау үстіне құлдырай берді. Шіркеу дағдарысқа ұшырады.

Империяның құлдырауына бірден бір себепкер ретінде идеялық дағдарысты санаған византиялық діндарлар өзінің рухани қуатын сарқып, тығырыққа тірелген діндерін жаңалауға тырысты. Осындай жағдайда алғашқыда стихиялы түрде пайда болып, 726 жылы ресми мемлекеттік саясатқа айналған «иконға қарсы» қозғалыс етек алды. Иконға құрметті бұтқа табыну деп санаған олар байыған арамтамақ шіркеуге, монахтарға, қала дінбасыларының антикалық дәстүрлеріне қарсы болды. Бұл қозғалыс нәтижесінде әлеуметтік сана мен қатынаста өзгеріс әкеп, император мен халық бірікті. Шіркеу мүлкін тәркілеуден түскен табыс әскер жасақтауға жұмсалды. Осы қозғалыстың идеясына қарсы «иконды құрметтеушілер» қозғалысы пайда болды. Екі қарсылас лагерь арасындағы күрес дін ойшылдарын шығарды. Рим мен Константинопольдың сөз жүзінде бірлікті танығанымен, іс жүзінде папа мен патриарх екіге бөлініп, діни, саяси билікке таласты. Діни қағидада, жоралғыда әлеуметтік-саяси сипатта православие мен католик діні екі түрлі сипатқа ие болды. Батысқа қарағанда Византия шіркеуі экономикалық, әкімшілік артықшылықтарға ие болмады. Мемлекетте бір болып, тәуелсіз болмады. Бөлек патриархтар болып, ортақ басшыны мойындамады [3, 315]. Византияда монтанист, мессалиан, манихей, ариан сияқты қым-қиғаш еретикалық ағымдардың әрекеті жанданды.

Осыған қарамастан, Византиядағы діннің идеологиялық маңызы өзінің талай мәрте дағдарыстарына қарамастан ерекше болды. Империя аумағын кеңейтуде басқа халықтарды шоқындыруда бай тәжірибе жинақталды. Дін мен шіркеу империя халқын, әртүрлі тайпаларды біріктірді. Әртүрлі этникалық текке ие, әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтар үшін ғибадат міндетті түрде тек грек тілінде болмады. IX ғ. Ортасында бастап, Византия шіркеуінің миссионерлік бағыты күшейді. Византия дипломаты, көпесі, миссионер қызметін бір кісі атқаратын болды [2, 125]. Арран метрополиті Исраэл (677-703) Византиямен шекаралас хазарлар жерінде, Қырымда христиан дінін таратты. Византия хазарлар арасына дін тарату үшін Константин (Кирилл) атты кісіні 860 жылы хазар жеріне жіберді. Ол Қырымға келіп хазар тілін үйреніп Дон мен Еділ арасына, қағанат астанасы Еділге келді [4, 170].

Әсіресе, христиандық империя мұсылмандардан, түркі-моңғолдардан Еуропаны қорғаушылар роліне ие болды. Осы міндет оны өте күрделі сыртқы саяси күрес орталығына айналдырды. Сондықтан да империяда дипломатияға күшті маңыз берілді [3, 322]. Римдіктердің «бөліп ал да билей бер» ұранын мұраға алған Византия ұлт, дінаралық жанжал, билеушіні сатып алу, жат елдерде сарай төңкерісін ұйымдастырудың қас шеберіне айналды.

Түркі қағанаты тарап, орнына бірнеше бір-біріне тәуелсіз түркі мемлекеттерінің пайда болуына байланысты және осы мемлекеттердің өздеріне ресми идеология ретінде ислам дінін қабылдауына байланысты олардың саяси белсенділігі қайта артты. Византия бұрынғы түркіттердің орнына, енді ислам мұраттарын қорғайтын жаңарған түркілік мемлекеттермен бетпе-бет келді. Әсіресе, оғыз-селжүк тайпалары орнатқан селжүктер мемлекеті Византия үшін ақыры үлкен саяси жеңілістерге алып келген әрекеттер жасады.

X ғасырдың аяғын ала ұлан байтақ араб халифатының сыртқы саясаты дағдарысты бастан кешірді. Алғашқы халифтар кезінде ислам әлеміне қосылған ұлан-байтақ иеліктер біртіндеп уыстан шыға бастады. Бұл процесс әсіресе, Византия империясының басына бірінен соң бірі келген қолбасшылар Никифор Фоку, Иоанна Цимисхия, Василий Болгаровойцтың кезінде күшейе түсті. 961 жылы сегіз айлық қоршаудан соң Никифор мұсылмандардың негізгі тірегі Крит аралын алды. Бұдан соң бес жыл іткен соң Кипрді алды. Бұл оқиғадан соң Жерорта теңізіндегі ислам билігі құлады. 962 жылы Никифор Алеппо, 965 жылы Масисса, бұдан соң ақыр соңында мұсылмандардың ең берік тірегі Тарсты алды. 968 жылы Никифор Иоана Крестительдің басы алынған Хама мен Химсті алды. Бұдан оң Летакияны алып келесі қыста жеңілмейтін Антиохияны алды [5,195]. X ғасырдағы Византия әскерінің шабуылынан Сирия мен Месопотамияның бірқатар аудандарында мұсылмандар сиреді. өйткені, арабтар византиялықтар келісімен-ақ қорқып қашты, немесе басқа аймақтар

мен аудандарға көшіріліп, босаған аудандарға грек, армян, сириялықтар сияқты христиан халықтарын орналастырды. Мұндағы мақсат мұсылман халқына қарсы оларды тірек ету болды. Олар жер алып есесіне әскери қызмет атқаруға тиіс болды [6,53]. Көз алдында болып жатқан дін мен елге қатерлі процестерге халифат басшылығы көз жұма қарады.

972 жылы христиан күштерінің шабуылынан Қосөзен аймағы бос қалып, Нисибия тоналғанда, Бағдатта ашуланған халық көтеріліске шықты. 974 жылы византиялықтар Баальбек пен Бейрутты жаулап алды. Ал Дамаск жыл сайын алпыс мың динар контрибуция төлеп тұруы тиіс болды. Оңтүстікте Нувия тарапынан көне Рим империясының шекарасы қалпына келтірілді. 943 жылы Мысырда болған ал-Масуди Нувия тұрғындарының империяға құлдармен салық төлеп тұратынын жазды. 955 жылдары нубиялықтар тіпті өздерінің шекаралық қаласы Ибримнен (Primis) айырылды [5,17]. Түркілердің Иранды жаулап алулары қарсаңында христиан мемлекеті осы аймаққа тікелей агрессия қаупін төндіріп, ислам әлемінің бір парасы саналатын Иран жеріне көз аларта бастаған болатын.

Осылайша, Византия Шығыста өте-мөте агрессиялық саясат жүргізген болатын. Византия агрессиясының нысанасы Грузия мен тәуелсіз армян патшалықтары болды [7,55]. Закавказьені түркілердің жаулап алуынан қорыққан Византия империяның жаулап алу саясатын жалғастырып кейбір территорияларды тікелей бағындыруға кірісті. Негізгі соққы армян патшалықтарына бағытталып, олардың бірқатары саяси тәуелсіздіктерінен айырылды. Арменияны саяси жою нәтижесінде империя селжүктермен күресті өз мойындарына алуға тура келді. Византияның империямен келісім нәтижесінде шығыстан қорғауға елу мыңдық әскері бар Грузияға саясаты да көрегендік болмады. Селжүк жорығынан сәл ақ бұрын император Константин IX Мономах (1042-1055) бұл бағыныштылықты ақшамен айырбастап, селжүктерге қарсы империяның Закавказьедегі жаулап алған жерлерін қауіптен қорғайтын күш қоймады [8,56].

Селжүк билеушісі Алп Арсланның Закавказье мен Кіші Азиядағы әскери әрекеттері 60 жылдың аяғы мен 70 жылдардың басына дейін жүргізілді. 1071 жылы селжүктермен Византияның қанды шайқасы Манцикерт түбінде болды. Соғыс Византия әскерінің толық талқандалып, император Роман Диогеннің (1068-1071) тұтқындалуымен аяқталды [9,201]. Сұлтан көне дәстүр бойынша оның екі құлағына сырға тағып қойды. Бұл император бұдан былай сұлтанның ғұламы (құлы) дегенді білдіретін еді. Алп Арслан императордан оның азаттығы үшін бір жарым млн. динар, әр жыл сайын селжүктер қазынасына 360 мың динар салық төлеу, керек кезінде сұлтанға әскери көмек беру, Византиядағы барлық мұсылман тұтқындарды босату сияқты міндеттемелер алды [9,201]. Осылайша, крестшілер мен Византия арасындағы қарама-қайшылықтар түркілердің пайдасына шешілді. Крестшілер гректерге кәпірлер ретінде қарады. Бұл әсіресе, II-ші крест жорығы кезінде көбірек байқалды. Құдайдың қабірін (табытын) дінсіздердің қолынан қайтарушылардың ұзаққа созылған жорығы тек түркілерге қарсы емес, Византияға да қарсы бағытталып отырды. Олар 1204 жылы Константинопольды алып Византия империясының орнына латын империясын орнатты.

Селжүктерді Манцикерттегі жеңісі оғыз-түркімен тайпаларына Кіші Азияның түкпіріне жол ашты. XI ғ. жетпісінші-сексенінші жылдарында Коний, немесе Рум сұлтанаты құрылды. Алп Арслан Манцикерттегі жеңістен соң оғыз-түркімен жетекшілеріне Ар, Орум, Мардин, Кайсери, Мараш және Кіші Азияның басқа да қалаларын берді. Осылайша түркілердің тікелей қатысуымен христиан-мұсылман шекараларында қорғаныс сызығы пайда болып, христиандар тарапынан үнемі төніп тұратын қатерге бақылау орнатылды. Кейін, XII ғасырда селжүк мемлекетінің құлауынан соң Византияға қарсы күрес тізгінін Кіші Азиядағы осы сұлтандықтар мен әмірліктер алды.

Түркілердің тарихи мекені Орталық Азияның саяси-әскери қайнары екенін түсінген Византия ендігі күшті осы аймақты мекендейтін халықтардың христиандануына, осылайша олардың буырқанған күш-жігерін өз саяси мақсаттарына пайдаланып, ең болмағанда осы

аймақта өздерімен идеялас одақтас табуға тырысып бақты. Империя мәдени туыстықтың қандық туыстықтан да берігірек болатынын жақсы түсінді. Сондықтан да Византия сыртқы саясатында христиандықты тарату басты дипломатиялық қару болды. Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары кезінде де бұл саясат жалғасын тауып, өздерінің шынайы мақсаттарын жасырып, жақсылық жасаушы болып, басқа халықты жаңа дінге кіргізуге талпынды. Діни шығармалар, мінәжәт ережелері өз тілдеріне аударылды [3,324].. 324. Ист.Виз.//. XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Батыс Еуропа мемлекеттері моңғол шапқыншылығының алдында, крест жорықтарының соңғы жаңғырықтары кезінде моңғол жорықтары, олардың христиан екендіктері жайлы сыбыстар тарағанда Папа Иннокентий IV, Людовик IX және басқа да христиан әлемінің тұлғалары татар қолбасшылары мен ұлы хандарына бірнеше елшіліктер жіберді. Елшіліктердің мақсаты татарлар тарапынан Батысқа қауіп бар ма, олардың арасына христиан дінін таратуға және оларды Мысыр сұлтанына қарсы пайдалануға болады ма деген тапсырмаларды орындау болды. Бірақ, 1245 жылғы Плано Карпинидің, Андрейдің 1249 жылғы Күйік ханға, Асцелинаның 1247 жылғы Бату ханға, Рубруктың 1253-1255 жылдардағы Мөңке ханға елшіліктері күткендегідей нәтиже бермеді.

Византияның XIII-XIV ғ.ғ. түркі-моңғол мемлекеттерімен қарым-қатынасы империя билеушілерінің түркі хандарымен некелік қатынас орнатып, дос болумен шектелді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Агаджанов С.Г. Государство сельджукидов и Средняя Азия в XI-XII вв. -Москва: Наука, 1991. – 255 с.
2. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы.1-Кітап. (көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: Білім, 2002. – 292 б.
3. Басани А. Дин дар охдэ моғул // Тарихэ Иран аз омадан-э салжукион та форупоши-э даулат-э ильханион. –Пежухеш-э донешгах-э Кембридж. -Техран: Амир Кабир, 1371х/ж. -65-87б.
4. Босворт. Тарих-э сиоси ва дудмониз Иран (390-414х-1000-1217м.ж) // Тарихэ Иран аз омаданэ салжукион та форупошиэ даулат-э ильханион. –Пежухеш-э донешгах-э Кембридж. Техран: Амир Кабир, 1371х/ж. 160-192б.
5. Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: этнос, языки, религии. – М: Наука. Главная редакция восточной литературы. 1992.-687с.
6. История Византии. В 3-х томах. М.; -Наука.1967. III Том. Отв.ред. Г.Г.Литаврин. - 506с.
7. Курбатов Г.Л. История Византии (от античности к феодализму). Учеб. Пособие для студ. Ист. Фак. Вузов.-М.: Высш.школа. 1984.-207стр.
8. Микаелян Г.Г. История Киликийского армянского государства. - Ереван: Изд. АН АрмССР, 1952. -356с.
9. Удальцова З.В, Идеино-политическая борьба в ранней Византии (по данным историков IV-VI вв). М.: Наука. 1974.-351.

МАЗМҰНЫ

Абдулина А.Т. СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫСЫ	8
Атығаев Н.А. БИЛІКТІҢ КЕЙБІР СИМВОЛДАРЫ ТУРАЛЫ (ТАҚ ПЕН ТӘЖ: МОҢҒОЛ ИМПЕРИЯСЫНАН ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ДЕЙІН)	14
Атығаев Н.А. «ТАРИХ-И АЛФИ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА	33
Жеңіс Ж. ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІЛЕР: ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕС	39
Жұбанышов Б.Т., Қаипбаева А.Т. РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫР ӨңІРІН ОТАРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	45
Жүнісбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҰҢҒЫШ РЕКТОРЫ (1928-1931 ЖЖ.) (қайраткердің 125-жылдық мерейтойына орай)	49
Жылқышыбаева Қ.Қ., Қаипбаева А.Т. КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІНІҢ РЕСЕЙ ҒАЛЫМДАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ)	64
Ксенжик Г.Н. ҚР ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛАР	76
Қаипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. ІЛИЯС ОМАРОВТЫҢ 1941-45 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДАҒЫ ЕСЕЛІ ЕҢБЕГІ	83
Несіпбаева Ж.Ж. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАСЫ: АҚИҚАТ ПЕН АДАСУШЫЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ	90
Нұрманова А.К. ҚАЗАҚ ӨЛКЕСІН ЗЕРТТЕУ ҚОҒАМЫНЫҢ ОРАЛ БӨЛІМШЕСІ ҒЫЛЫМИ-ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ РЕТІНДЕ	96
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮНДІ-ЕУРОПА ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ОРТААЗИЯЛЫҚ КӨНЕ ЖАЗБА ҚҰЖАТТАР ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	106
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ «МОҢҒОЛДЫҢ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	116
Өскембаева Г.Ж. ҚОСТАНАЙ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	122
Смағұлова С.О. АҚТӨБЕ ГУБЕРНИЯСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1921-1922 жж.)	137
Раисов Қ.Д., Қаипбаева А.Т. АБАЙДЫҢ ТОЛЫҚ АДАМ ИДЕЯСЫНЫҢ ГУМАНИСТІК МӘНІ	154
Торланбаева К.У. ОҚИҒАЛАР МЕН ТҰЛҒАЛАР: ШЫҒЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ	161

Төлебаев Т.Ә.

П.Г. ГАЛУЗО ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕГІ КАПИТАЛИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ 170

Шашаев Ә.К.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ
ТАРИХЫНАН 180

СОДЕРЖАНИЕ

Абдулина А.Т. КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКИХ РАБОЧИХ В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД	8
Атыгаев Н.А. О НЕКОТОРЫХ СИМВОЛАХ ВЛАСТИ (ТРОН И КОРОНА: ОТ МОНГОЛЬСКОЙ ИМПЕРИИ К КАЗАХСКОМУ ХАНСТВУ)	14
Атыгаев Н.А. О ЦЕННОСТИ СВЕДЕНИЙ СОЧИНЕНИЯ «ТАРИХ-И АЛФИ» В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА	33
Женис Ж. ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ТЮРКИ: ИДЕОЛОГИЧЕСКАЯ БОРЬБА	39
Жубанышов Б.Т., Каипбаева А.Т. СТРАТЕГИЧЕСКИЕ ЦЕЛИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КОЛОНИЗАЦИИ СЫРДАРЬИНСКОГО РЕГИОНА	45
Жунисбаев А. САНЖАР АСФЕНДИАРОВ – ПЕРВЫЙ РЕКТОР КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА (1928-1931 ГГ.) (к 125-летию со дня рождения деятеля)	49
Жылкышыбаева К.К., Каипбаева А.Т. ВОССТАНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМУЛЫ В ИССЛЕДОВАНИЯХ РОССИЙСКИХ УЧЕНЫХ (КОНЕЦ XIX – СЕРЕДИНА XX ВВ.)	64
Ксенжик Г.Н. ИННОВАЦИИ В СИСТЕМЕ ВЫСШЕГО И ПОСЛЕВУЗОВСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ РК	76
Каипбаева А.Т., Бурханов Б.Б. САМООТВЕРЖЕННЫЙ ТРУД ИЛЬЯСА ОМАРОВА НА ТРУДОВОМ ФРОНТЕ В 1941-45 ГОДАХ	83
Несипбаева Ж.Ж. ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА: ГРАНИ ИСТИНЫ И ЗАБЛУЖДЕНИЯ	90
Нурманова А.К. УРАЛЬСКОЕ ОТДЕЛЕНИЕ ОБЩЕСТВА ИЗУЧЕНИЯ КАЗАХСКОГО КРАЯ КАК ЦЕНТР НАУЧНО-КРАЕВЕДЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ	96
Ошан Ж. ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О ДРЕВНИХ ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ДОКУМЕНТАХ НА ИНДОЕВРОПЕЙСКИХ ЯЗЫКАХ	106
Ошан Ж. ИССЛЕДОВАНИЯ КИТАЙСКИХ УЧЕНЫХ О «СОКРОВЕННОМ СКАЗАНИИ МОНГОЛОВ»	116
Оскембаева Г.Ж. ГОЛОД В КОСТАНАЙСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	122
Раисов К.Д., Каипбаева А.Т. ГУМАНИСТИЧЕСКАЯ СУЩНОСТЬ ИДЕИ «СОВЕРШЕННОГО ЧЕЛОВЕКА» АБАЯ ...	154
Смагулова С.О. ГОЛОД В АКТЮБИНСКОЙ ГУБЕРНИИ (1921-1922 ГГ.)	137
Торланбаева К.У. СОБЫТИЯ И ЛИЧНОСТИ: К ИСТОРИИ ВОЗРОЖДЕНИЯ КАГАНАТА ВОСТОЧНЫХ ТЮРКОВ	161

Тулєбаєв Т.А.

П.Г. ГАЛУЗО О КАПИТАЛИЗМЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТЯХ В КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛЕ 170

Шашаев А.К.

ИЗ ИСТОРИИ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX - НАЧАЛЕ XX ВВ. 180

CONTENTS

Abdulina A.T. CULTURE AND EVERYDAY LIFE OF KAZAKH WORKERS IN THE POST-WAR PERIOD	8
Atygayev N.A. ON CERTAIN SYMBOLS OF POWER (THRONE AND CROWN: FROM THE MONGOL EMPIRE TO THE KAZAKH KHANATE)	14
Atygayev N.A. ON THE VALUE OF THE DATA IN THE WORK "TARIKH-I ALFI" IN RESEARCHING THE HISTORY OF THE KAZAKH KHANATE	33
Zhenis Zh. THE BYZANTINE EMPIRE AND THE TURKS: AN IDEOLOGICAL STRUGGLE	39
Zhubanyshov B.T., Kaipbayeva A.T. STRATEGIC GOALS OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE COLONIZATION OF THE SYR DARYA REGION	45
Zhunisbayev A. SANZHAR ASFENDIAROV – THE FIRST RECTOR OF THE KAZAKH STATE UNIVERSITY (1928-1931) (dedicated to the 125 th anniversary of the public figure)	49
Zhylykyshbayeva K.K., Kaipbaeva A.T. THE UPRISING OF KENESARY KASYMULY IN THE RESEARCH OF RUSSIAN SCHOLARS (LATE 19TH – MID-20TH CENTURY)	64
Ksenzhik G.N. INNOVATIONS IN THE SYSTEM OF HIGHER AND POSTGRADUATE EDUCATION OF RK	76
Kaipbayeva A.T., Burkhanov B.B. ILYAS OMAROV'S SELFLESS WORK ON THE LABOR FRONT IN 1941-45	83
Nesipbaeva Zh.Zh. FOREIGN HISTORIOGRAPHY OF THE MODERN HISTORY OF KAZAKHSTAN: THE FACETS OF TRUTH AND DELUSION	90
Nurmanova A.K. THE URAL BRANCH OF THE SOCIETY FOR THE STUDY OF THE KAZAKH REGION AS A CENTER FOR SCIENTIFIC AND LOCAL HISTORY ACTIVITIES	96
Oshan Zh. RESEARCH BY CHINESE SCHOLARS ON ANCIENT CENTRAL ASIAN WRITTEN DOCUMENTS IN INDO-EUROPEAN LANGUAGES	106
Oshan Zh. STUDIES OF THE SECRET HISTORY OF THE MONGOLS BY CHINESE SCHOLARS	116
Oskembayeva G.Zh. FAMINE IN THE KOSTANAY REGION (1921-1922)	122
Raisov K.D., Kaipbayeva A.T. THE HUMANISTIC ESSENCE OF ABAY'S IDEA OF THE «PERFECT MAN»	154
Smagulova S.O. FAMINE IN THE AKTOBE REGION (1921-1922)	137
Torlanbayeva K.U. EVENTS AND PERSONALITIES: ON THE HISTORY OF THE REVIVAL OF THE EASTERN TURKIC KHAGANATE	161

Tulebaev T.A.

P.G. GALUZO ABOUT CAPITALISM AND ITS FEATURES IN THE KAZAKH EARTH 170

Shashaev A.K.

FROM THE HISTORY OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES 180

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы

2015. 1 (2)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2015.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 15,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй